



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 034 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2005 жылғы 21 қазан

ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің басшылары кеңесінің 13-отырысы туралы

2005 жылғы 21 қазанда Кеңестің 13-отырысы болды, оның ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

Осы отырыстың барысында мынадай негізгі мәселелер талқыланды:

Отырыстың шеңберінде банктердің және банктік емес кредиттік мекемелердің акция және облигация эмиссиялары бойынша ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің және/немесе өзге де құзыретті органдардың функциялары туралы ақпарат алмасты. Тараптар банктердің және банктік емес кредиттік мекемелердің акция және облигация эмиссиялары бойынша ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері функцияларын жақындастыру және үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды пысықтау мақсатында осы саладағы жұмысты жалғастыру шешімі қабылданды.

ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттерде қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатумен және лаңкестікті қаржыландырумен күрес мәселелері бойынша ақпарат алмасу туралы мәселені талқылау қорытындылары бойынша Тараптар қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатумен және жартыжылдық негізде лаңкестікті қаржыландырумен күрес мәселелері бойынша ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер туралы ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыруды дұрыс деп санауға келісті.

Сондай-ақ Тараптар бағалы қағаздар нарығында ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттері үкіметтерінің қаржы агенттері сияқты ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің функциялары туралы мәселе бойынша ақпарат алмасты.

Отырыстың барысында мынадай құжаттар бекітілді:

- Валюта саласында ЕурАзияЭҚ-на мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі ЕурАзияЭҚ-на мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің іс-шаралар жоспары;

- ҚҚА Басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы № 79 қаулысымен бекітілген ҚҚА-нің шоғырландырылған қадағалау тұжырымдамасы негізінде ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі әзірлеген шоғырландырылған негізде банктік топтарды қадағалауды жүзеге асыру тәртібінің жобасы. Осы Тәртіп шоғырландырылған қадағалауды ұйымдастыру кезінде пайдалану үшін ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктеріне және уәкілетті органдарға ұсынылды.

- ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесі қызметінің 2006-2007 жылдарға арналған бағдарламасы.

- ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқытудың 2006 жылға арналған бағдарламасы.

- «ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің банктік секторлары жағдайының негізгі көрсеткіштері» кестесі. Көрсетілген кесте бойынша деректерді Мемлекетаралық банк Жинағында жариялау үшін жартыжылдық бойынша тұрақты негізде ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі ұсынатын болады.

ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің басшылары кеңесінің 13-отырысына:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы – Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Елемесов Асқар Раушанұлы, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Төрағасының орынбасары – Бахмутова Елена Леонидовна, Тәжікстан Ұлттық Банкінің Төрағасы – Алимардонов Муротали Мухамадиевич, Ресей Федерациясының Орталық Банкі Төрағасының орынбасары – Можайсков Олег Владимирович, Беларусь Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы Төрағасының орынбасары – Кадушко Николай Лукьянович, Қырғыз Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Ишенбаев Мақсатбек Бейшенбекұлы, Өзбекстан Республикасының Орталық Банкі Төрағасының орынбасары – Хакимов Шохрух Хондамирович, Мемлекетаралық банктің Төрағасы – Туркадзе Анатолий Валерианович, ЕурАзияЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқыту мәселелері бойынша Үйлестіру Кеңесінің Төрағасы – Якубов Ибрагим Абдурахимович қатысты.